

"Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін" (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 2738 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес, заңды тұлғаларды қайта тіркеуді тиімді жүзеге асыру мақсатында Қаулы Етемін:

1. "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі қаулысының 4-тармағының бірінші абзацы:

1) "Заңды тұлғалар" сөздерінен кейін "олардың филиалдары мен

өкілдіктері" сөздерімен толықтырылсын;

2) "1996 жылғы 1 қаңтарға дейін" сөздері "1997 жылғы 1 қаңтарға дейін" сөздерімен алмастырылсын.

2. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті